

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 22 тамыз N 934. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 13 маусымдағы N 1729 U941729_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне мынадай міндеттерді орындау жүктелсін:

мұнайгаз салаларын мемлекеттік кредиттеу мен инвестициялауды дамытудың тұжырымдамалары мен мемлекеттік мақсатты бағдарламаларын әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, еліміздің отын-энергетика кешенін дамытудың ұзақ мерзімді болжамын әзірлесін;

республика мұнайгаз салалары қызметін мемлекеттік реттеу жұмысын үйлестіру және міндеттерін жүзеге асыру;

республика экономикасын тұрақтандыру мен көтеру мақсатында мұнайгаз кешенінде түбегейлі экономикалық реформаларды жүзеге асыруға белсенді ықпал ету;

мұнай және газ өндіріліп жатқан кен орындарының, өңдеуші қуаттардың әлеуетін тиімді пайдалану;

мұнай, газ және олардың өңделген өнімдерін жеткізу үшін магистральді құбырлар жүйелерін, оның ішінде сыртқы рынокта дамыту мен тиімді ету;

мұнай және газ саласында салалық ғылымдарды дамыту, салада бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу және салааралық ынтымақтастықты үйлестіру;

салада қажетті бәсекелестікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасауға, техника қауіпсіздігін сақтау мен айналадағы ортаны қорғауға бағытталған экономикалық саясатты жүзеге асыру;

мұнайгаз кешені кәсіпорындарының қоршаған ортаға техногендік ықпалын азайту жөнінде мемлекеттік саясат жүзеге асыру;

экономикалық реформалардың мемлекеттік саясатына сәйкес мұнайгаз

кешеніндегі қарым-қатынастар құрылымын қайта жаңғырту, сала кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге қатысты;

халықаралық тәжірибеге және нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес жұмыс істеуі үшін саланы құқықтық және нормативтік негізге салу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

әлемнің басқа да мемлекеттерімен мұнай компанияларымен экономикалық қатынастар мен техникалық ынтымақтастықты дамыту, шетел инвестицияларын тарту мәселелерін келіскен кезде мемлекеттің мүддесін білдіру.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен республика мұнайгаз кешені құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін иелену, пайдалану мен басқару құқығын Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне табыстасын.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне министрдің төрт орынбасарын алуға, оның ішінде министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын бір бірінші орынбасар және алқаға 15 адам алуға рұқсат етілсін. Алқа құрамына министр және лауазымы бойынша оның орынбасарлары, сондай-ақ министрліктің басшы қызметкерлері, ведомствоға бағынысты кәсіпорындардың, ұйымдардың және басқа органдардың басшылары кіретін болып белгіленсін.

Министрліктің алқа құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің аппаратын байланыс құралдарымен, халықаралық байланысты қоса, қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің орналасатын жері Алматы қаласы деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі туралы Ережені және министрліктің құрылымы туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының министрлер Кабинетіне енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің мұнайгаз кешені шаруашылық қызметі есебінен құралған материалдық қаражаттары бөлігінің мүргері деп танылсын.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі 2 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы

Үкіметінің осы қаулыға қайшы келетін кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы қаулысының жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК